

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасының
әдіскері: А.Ә.Жақсылықова

«Ұлттар достығы»

Кіші топ «Алпамыс» тобының ұйымдастырылған мерекелік іс-шарасы.



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б

Таушық 2024

Мақсаты: Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата

Балалар әр түрлі ұлт болып, кіреді. (Жәй музыка қосылып тұрады.)
Хор: «Ағайынбыз бәріміз»

Жүргізуші: Күні күліп, шуақ төккен бар аспан
Барлық әлем қызығумен қарасқан
Қазақ елі барлық ұлттың Отаны
Достығы мен ынтымағы жарасқан
Армысыздар, құрметті қауым. Біздің Республикамызда 100-ден аса ұлт өкілдері тұрады. Қазақстандағы барлық ұлттар бір-бірімен дос, тату-тәтті өмір сүреді. Сіздерді бүгінгі 1 мамыр Қазақстан халқының Ынтымақ күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгінгі ұлттармен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған «Ұлттар достығы» тақырыбында мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Қазақ халқы жомарт, даласы дархан, орманы кең, таулары қалқан болған ақ бесікті ата-мекен. Қазақтың қандайда болмасын қуанышты сәті шашу шашумен басталған. Шашудан дәм алыңыздар! Мерекелеріңіз құтты болсын!

(қыздар шашу шашады)

Музыка ойнайды

Елім менің, жарқыраған, жайнаған,
Бақ біткенде бұлбұл құсы сайраған.
Елім менің биіктігі шарайнам,
Қыран құсы көгінде мың самғаған!

Флешмоб «Алға Қазақстан» қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: Тілі , түрі бөлек болғанмен жүрегі, тілегі «Қазақстаным-туған жерім» деп соғатын біздің елдегі өзге ұлт өкілдері ынтымақ пен достықтың туын жоғары ұстап, бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатыр Ендігі кезек, балаларымыздың тақпақтарына берейік.

Мадина:

Кең-байтақ жеріміз,
Татулық тұрағы.
Бауырмал еліміз,
Ынтымақ ұраны.

Аяла:

Достық шырағымыз
Достық ұранымыз
Достық туымыз
Достық әніміз.

Нұржан:

Қызыққан шартарап,
Береке – тірлігі.
Құрған сән-салтанат,
Жарасқан бірлігі.

Фатима:

Ақпыз, қара, сарымыз
Ағайынбыз бәріміз.

Орыс, қазақ туыс боп ағаласып,
Қаны, тілі жатыр ғой араласып.
Отбасылық бақыты ортақ болсын,
Қол ұстасып, еңбек ет, далаға шық!
Алдарыңызда **Орыс биімен «Толағай»** тобының бүлдіршіндерін шақырамыз.

Жүргізуші

Ән-жыр десе көмейі бүлкілдеген,
Ақ маржандай көңілі үлпілдеген,
Өзбек менің өз ағам – дейді қазақ
Дастарханнан дәм-тұзы бөлінбеген
Тілі ұқсас, жүрегі, тілегі «Қазақстаным-туған жерім» деп соғады. : Әр халықтың өз мәдениеті, өз тілі, тағамдар, ұлттық киімдері, салт-дәстүрлері бар.

Ертеңгілігімізге көршілес «Өзбек» ұлты келіп отыр екен. Ұлттық тағамдарын биімен таныстырғысы келіп отыр. Алпамыс тобының бүлдіршіндерін **«Өзбек биімен»** ортаға шақырамыз.

Жүргізуші

Қазақстан бүгін міне, жеке отау салтанаты жарасқан
Бір отбасы, бір туысқан бір-біріне қарасқан
Қазақстан бүгін міне, достық туын тіккен жер
Мәуелі бақтай жемісін шашқан көп ұлттар
Байлықтың ең үлкені-Халықтар достығы-дей отырып «Күншуақ» бөбекжай-бақшасының тәрбиешілерінің **«Бірілігіміз жарасқандай» әнімен.** Қарсы алыңыздар.

Жүргізуші:

Дос болып түрлі халықтар,
Жасайтұғын ғасырмын.
Бақыт шамын әлемге
Ұмытылмас асылмын.

«Үнді биіммен Толағай тобының бүлдіршіндерін шақырамыз»

«Жүргізуші:

Ағайын бар, туған бар адам,
Адалды үшін жаралған,
Қымбар туыстық
Баянды болсын тыныштық!
Біздің мемлекет бейбітшілікті жақтаушы, достықты жырлаушы,
тыныштықты сақтаушы ел. «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады»-
деген халық мақалы біздің елге айтылғандай.

Хор **«Әрқашан күн сөнбесін»**